

ЕСКЕН ЕЛУБАЕВ

ОЙЛАН, ТАП

(Есептер, санамақтар, ойындар, мысалдар, жұмбақтар,
жаңылтпаштар, сабақтар)

Алматыкітап баспасы
2015

УДК 373.2
ББК 74.102
Е 49

Е 49 **Елубаев Е.**
 Ойлан, тап: Есептер, санамақтар, ойындар, мысалдар, жұмбақтар, жаңылтпаштар, сабақтар / Елубаев Е. – Алматы: Алматыкітап баспасы, 2015. – 272 бет, суретті.

ISBN 978-601-01-2606-0

Бұл жинаққа көрнекті ақынның жаңадан жазылған және бұрын жазылған есептері, санамақтары, жұмбақтары т.б. топтастырылған.

Математика, қазақ тілі, әдебиет сабақтарына қосымша құрал ретінде кеңінен пайдалану үшін, сондай-ақ балабақша мен мектеп оқушыларына, ұстаздарға, ата-аналарға арналған.

УДК 373.2
ББК 74.102

ISBN 978-601-01-2606-0

© Ескен Елубаев, 2011
© «Алматыкітап баспасы» ЖШС, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Ескен Елубаев 1966 жылдан бастап «Қазақстан пионері» газетінде, «Жалын», «Өнер» баспаларында, «Балдырған» журналында қызмет істеген. Ең алғашқы өлеңдері 1958 жылдан бастап жариялана бастаған.

Негізінде балаларға арнап жазады. Оның «Балабек» пьесасы Республикалық қуыршақ театрында қойылған. Өлеңдері, пьесалары орыс тіліне аударылған.

Бұдан бұрын да баспамыздан жазушының «Балаларға базарлық», орыс тілінде «Зуб мудрости» атты еңбектері жарық көрді. «Ойлан, тап» жинағына жазушының бұрын шыққан басылымдарына енген және де сиясы кеппеген есептері, санамақтары, ойындары, жұмбақтары, жаңылтпаштары, сабақтары енгізілді.

Қазіргі білім беру жүйесі жеке бастың адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталуы ұстаздарды оқушының рухани жағынан дамуын арттырудың жолын қарастыруға назарын бөліп отыр. Оның басты бағыттарының бірі – бүгінде ұмытылып бара жатқан халқымыздың төл мәдениетінің тұрмысымен байланысын қалпына келтіру. Әрине, мәдени-тұрмыстық сабақтастықты балаларымызға бастауыш сыныптардан бастап қабылдата алсақ қана көздеген мақсатымызға жетуге мүмкіндік туады. Осы жаста балалар материалды терең қабылдайды, әрі қарай ол оның жеке құндылығына айналады. Аталмыш басылымның оқулыққа қосымша құрал ретінде көздеп отырған мақсаты да осы.

Жинаққа енгізілген есептер ұлтымыздың тұрмыс-салтындағы жағдаяттарға сәйкес құрылған. Тіпті есептерді шығару барысында балалар күнделікті тұрмыста үнемі қолданыла бермейтін сөздерді кездестіреді, бұл балалардың сөз байлығын дамытып, әдебиет, математика пәндеріне деген қызығушылығын арттырады, ой-өрісін кеңейтеді.

Ақылға қона бермейтін, ойдан шығарылған сөздердің топталып берілуі және олардың өзара үйлесім табуы санамақтарға

ғана тән. Сонымен қатар санамақтардың бойынан ежелгі ата-бабамыздың дәстүрін де көруге болады. Бұрынғы кезде де бабаларымыз бір жұмысты бастамас бұрын жеребе салу, кіріс және шығысты есептеуге жүгінген. Көптеген балалардың ойындары үлкендердің іс-әрекеттеріне еліктеуден туатыны белгілі. Осы ойындардағы қиынсыз сөздер мен буындардың өзара үйлесім табуы балаларға өте ұнайды. Оқу барысында санамақтар мен жаңылтпаштарды пайдалану балалардың фонематикалық есту және есте сақтау қабілеттерін дамытуға үлкен әсер етеді.

Автор басылымда жұмбаққа көп көңіл бөлген. Жұмбақ – балалар жақсы көретін, кеңінен таралған халық шығармашылығының бірі. Жұмбақты шешу барысында бала көңілін көтеріп қана қоймай, зеректігін де тексере алады. Жұмбақ балалардың ойлауын, епсектілігін дамытады, ойлау қабілетін оятады. Оны шешу барысында бала өзін қоршаған заттар мен табиғатты салыстыра алады.

Кітапта оқушылардың ой шапшаңдығын, шығармашылығын дамытатын, сөз байлығын молайтатын, анаграммалар, шарадалар, метаграммалар, жаңылтпаштар, логогрифтер, омонимдер де берілген. Бұл кітап балалардың әдебиет, қазақ тілі, математика, дүниетану, т.б. пәндерге деген қызығушылықтарын арттырады, жеке тұлғалық қасиетін, өзіне деген сенімін оятады. Ұстаздар мен балабақша тәрбиешілері, ата-аналар тек оқу процесінде ғана емес, мектептен тыс тәрбие жұмысы барысында, мысалы байқаулар, ойындар, сынып сағаттарында, жазғы демалыс лагерлерінде пайдалана алады.

Альмира Сужикова,
«Алматыкітап баспасының»
бас редакторы

ЕСЕПТЕР

Есеп

Бос тұрмастан бекер,
Алпыс секунд өтер.
Басын қосып бірігіп,
Бір минутқа жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Алпыс минут өтер.
Басын қосып бірігіп,
Бір сағатқа жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Жиырма төрт сағат өтер.
Басын қосып бірігіп
Бір тәулікке жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Отыз күн де өтер.
Басын қосып бірігіп,
Бір айға олар жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Он екі ай өтер.
Басын қосып бірігіп,
Бір жылға олар жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Жүз жылың да өтер.
Басын қосып бірігіп,
Бір ғасырға жетер.



Бос тұрмастан бекер,
Талай ғасыр өтер.
Басын қосып бірігіп,
Сан дәуірге жетер.

Бос тұрмастан бекер,
Дәуірлер де өтер.
Түбіне оның мәңгілік
Кім бар дейсің жетер?

Есептейік, ал, де,
Кім айта алар дәл де.
Бір ғасырда неше жүз,
Айдың саны бар де?

Есептейік, ал, де,
Кім айта алар дәл де.
Бір ғасырда неше мың,
Күндеріңіз бар де?

Есептейік, ал, де,
Кім айта алар дәл де.
Бір ғасырда неше миллион,
Сағатыңыз бар де?

Есептейік, ал, де,
Кім айта алар дәл де.
Бір ғасырда неше миллиард,
Минутыңыз бар де?

Есептейік, ал, де,
Кім айта алар дәл де.
Бір ғасырда неше триллион,
Секундыңыз бар де?!



Оны қалай білдік,
Кәне, құлақ түрдік.
Кім есептеп беретін,
Кім есепке жүйрік?


Мерейтой

«Келер жылға жеткізсе,
Жасым толмақ жетпіске, –
Деді атам, – сол тойды
Дүрілдетіп өткізсе...
Осы бастан дайындал,
Той жасайтын халің бар! –
Айтты атам әкеме, –
Туған-туысқан бәрің бар».

Ал, әжем ше?
Ол кісі,
Жасы атамнан көп кіші,
Төрт жылдан соң келеді
Тойлайтұғын жетпісі...

Және есептеп қарадым,
Әкем менен анамның
Қосқан кезде жастарын,
Жетпіс екен,
Санадым.

Болғаным жоқ бұған дал,
Мұны есептеп шығам дәл.
Түйдей құрдас екеуі,
Бір жылы олар туғандар.



Есептеуге бар шама
Болса,
Ендеше,
Ал, сана:

Атам биыл қаншада?
Әжем қазір қаншада?
Әкем қазір қаншада?
Анам қазір қаншада?

*(Атам 69 жаста, әжем 66 жаста,
әкем 35 жаста, анам 35 жаста.)*

Асықтар

Көктем шығып,
Жаз болып,
Далада ойнар мәз болып,
Асықтарым аз болып,
Көңілім жүр пәс болып...

Қоям кейде армандап,
Ішімнен мен жалмаңдап,
Біздің үйге,
Шіркін-ай,
Қонақ келсе бір күні-ай!

Атам сонда қой сойса,
Қуанар ем,
Ой, сонша.

Жатса үй-іші ет асып,
Қойда бар ғой екі асық,
Ол менікі болмақшы,
Өзім үшін сол жақсы.

Қонақ етке тояды,
Менде он асық болады!

Есептеші, ал енді,
Сонда өзімде бұрыннан
Қанша асығым бар еді?..

(Сегіз асық)

Мұны есептеп болсаң нақ,
Жиырма асығым болғанша,
Атам қанша қой соймақ?

(Алты қой)

Он сан

Міне, бала,
Он сан,
Ретімен санап болсаң,
Бәрі қанша қоссаң,
Соны есептеп қойсаң.

Бірге қостың екіні,
Оған қостың үшті,
Оған қостың төртті,
Оған қостың бесті,
Оған қостың алтыны,
Оған қостың жетіні,
Оған қостың сегізді,
Оған қостың тоғызды,
Оған қостың онды.
Айтшы,
Қанша болды?..

(Елу бес)

1 2
3 4
5 6
7 8
9 10
= 55

Ойлан, тап

Мұхтар,
Сәуле,
Бір үйдің балалары,
Егіз туған екеуін
Аналары.
Олардың бар бір үлкен
Әпкелері,
Одан үлкен бар және
Ағалары.

Ажырата алмайтын
Тұр-түсін де,
Ұқсайтуғын жүргені,
Күлкісі де.
Кейін туған Мұхтардан,
Сәуледен соң,
Бір ұл, бір қыз тағы бар
Үй-ішінде.

Кәне, ойланып асықпай
Табыңдаршы,
Сонда қанша, есептеп
Алыңдаршы.
Әкпесінде қанша іні,
Сіңлісі бар,
Ағасының қанша іні,
Қарындасы?

*(Ағасының екі іні,
үш қарындасы бар,
әпкесінің екі іні,
екі сіңлісі бар)*

Және кімдер есептеп
Ала алады,
Осы үйдің бар қанша
Балалары?

(Алты баласы бар)

Қанша аяқ бар?

Адамда бір қуаяқ,
Шай ішті екі шынаяқ.
Байлаулы ит Құтаяқ
Жалап жатыр итаяқ...

Алаяқ түлкі қуады,
Қосаяқты еңісте.
Сегізаяқ жүзеді
Шалқып жатқан теңізде.

Маймақаяқ қара аю
Ну орманда жүр дара.
Доппен ойнар далада
Жалаңаяқ бір бала...

Қотанаяқ бір адам,
Шөлін басты ішті де.
Үш саптаяқ шалаптан...

Мықты болсаң,
Ал, сана,
Бөрінде бар қанша аяқ?

*(Жиырма сегіз аяқ (қуаяқ, шынаяқ,
итаяқ, алаяқ, маймақаяқ, жалаңаяқ,
қотанаяқ, саптаяқ саналмайды)*



Баспалдақтар

Бес қабатты тұрам үйде,
Сондағы мен пәтеріме,
Баспалдақпен шығам күнде,
Бірте-бірте көтеріле.

Ең жоғарғы қабатында
Сор болғанда үйім менің,
Еш амал жоқ табатын да,
Міне, осындай күйім менің.

Бірінші үй қабатына
Жетем,
Келсем басқа жақтан,
Оны әдейі санадым да,
Аттап жеті баспалдақтан.

Тағы, әр қабат арасында
Баспалдақ бар жиырмадан,
Болдырып-ақ қаласың да,
Барғанша үйге қиын маған.

Жету үшін үйге дейін,
Жол-жөнекей баспақ аттар,
Дәл жолымда күнде менің
Айтшы, қанша баспалдақ бар?

(87 баспалдақ)



Қанша сабақ оқыдық?

Дүйсенбіде,
Мектепте біз отырып,
Алты сабақ оқыдық.

Сейсенбіде,
Мектепте біз отырып,
Алты сабақ оқыдық.

Сәрсенбіде,
Мектепте біз отырып,
Бес-ақ сабақ оқыдық.

Бір мұғалім,
Ауырып қап келген жоқ.
Өткізетін
Сабағын ол берген жоқ.


Бейсенбіде,
Алты сабақ оқыдық,
Мектепте біз отырып.

Жұма күні,
Бес-ақ сабақ оқыдық
Мектепте біз отырып.

Сенбі күні
Болды дағы сенбілік,
Көше, ауланы
Сыпырдық сөнге келтіріп...

Сонда біздер,
Осы аптада отырып,
Қанша сабақ оқыдық?

(28 сабақ)



Бойымызды өлшедік

Үшеуіміз белсеніп:
«Биыл қанша өсіппіз?»
Бойымызды өлшедік,
«Білейікші», – десіп біз.

Менің бойым
Жүз жиырма
Сантиметр болып тұр.
Біраз өскем биыл да,
Көңілім соған толып тұр.

Былтыр бойым
Жүз он бес
Сантиметр көрсеткен.
Жай емес ол біз сенбес,
Екеуіне өлшеткем.

Тікірейіп тұрып тым,
Бойды өлшеген кезінде,
Он сантиметр биік-тін,
Былтыр ағам өзімнен.

Бой өлшеген кезінде,
Қанша екенін көретін.
Былтыр інім,
Өзімнен
Үш сантиметр төмен-тін.

Бес сантиметр биікке,
Өсіпті ағам бүгінде.
Өскен,
Алдық біліп те,
Төрт сантиметр інім де...



Жүйрік болса ойлары,
Есептейді мұны кім?
Қанша еді бойлары
Былыр
Ағам менен інімнің?

Жүйрік болса ойлары
Есептейді мұны кім?
Биыл қанша бойлары
Ағам менен інімнің?

*(Былыр ағамның бойы
125 сантиметр, биыл 130 сантиметр.
Былыр інімнің бойы 112 сантиметр,
биыл 116 сантиметр.)*

Қарымта есе қайтару

Асық салған дорба алып,
Алдыңғы күні,
Кеше де,
Біздер асық ойнадық,
Шеңбер сызып көшеде.

Алдыңғы күні ұтылып,
Балаларға қалғаным.
Алды мені сыпырып,
Жақсы ойнай алмадым...

Әкемді олар танытты
Қайттым, ішім ашып тым.
Тек, он бесі қалыпты
Дорбадағы асықтың.





Құлжа сақа қолға алып,
Қайтармақ боп қарымта,
Кеше
Тағы ойнадық,
Әлі асығым барында.

Айтсам жайдың ашығын,
Кеше ұтып мен
Қатырдым!
Қанша енді асығым?
Соны санап жатырмын.

Қырық бір екен, дегенмен,
Асықтарым дорбада.
Бес асыққа ол көбейген.
Разы емеспін сонда да.

Мен пайдаға шыққанмын,
Айтыңдаршы есебін.
Қанша асық ұтқанмын,
Ойында мен кешегі?

Және басын бер ашып,
Алдыңғы күні ойында,
Ұтылдым мен қанша асық?
Санап берші оны да...

*(Алдыңғы күні дорбада 36
асық болған, 21 асық ұтылдым.
Кешегі ойында 26 асық ұттым,
5 асық пайда.)*